

## **"Екібастұз 2-ГРЭС" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін басқаруға беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 8 тамыздағы N 1242

Қатысушылардың қажетті санының болмауына байланысты Екібастұз 2-ГРЭС-і акцияларының 66 процентін жекешелендіру жөніндегі инвестициялық тендердің өткізілмей қалғанын, ал аталған объекті балансының қанағаттанғысыз құрылымынан оның тартымдылығының төмен болуына байланысты әлеуетті инвесторлардың ұсыныстарының жеткілікті түрде тиімді болмағанын назарға алғанда, сондай-ақ электр энергиясын тұтынудың күзгі-қысқы максимумына дайындық үшін уақыттың тапшылығын ескергенде, Екібастұз 2-ГРЭС-ін сату жөнінде жаңа тендер өткізу қазіргі уақытта орынсыз болып табылады.

Сонымен бір мезгілде электр энергиясының көтерме нарығын қалыптастыру кезінде оны авариялық бронь бойынша беріп тұруды қамтамасыз ету және электр энергиясын өндіруді монополияландырылуының ықтималдығына байланысты мемлекет пен тұтынушылардың мүдделерін қорғау мәселелері реттелмей қалғанын ескергенде, ортақ пайдаланыстағы мемлекет басқаратын электр станциясының болуы қажет.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Екібастұз 2-ГРЭС-ін кідіріссіз санациялау, электр энергиясын авариялық бронь бойынша беріп тұруды қамтамасыз ету және электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру жағдайында мемлекет пен тұтынушылардың мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. <\*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.07.06. N 936 қаулысымен. P990936\_

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдардың және "KEGOC" электр жүйелерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" акционерлік қоғамының қатысуымен бір ай мерзім ішінде Электр энергиясын авариялық бронь бойынша кепілді беріп тұру туралы ережені әзірлеп Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

3. "Екібастұз 2-ГРЭС" мемлекеттік кәсіпорнын акционерлендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қарашадағы N 1372 қаулысының 2-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК